



БЕКТЕМІН
«Келешек» санаторлық
бөбекжай – бақшасы КММ
менгерушісі

Г.Ешмуханова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына
арналған Мектепалды «Гүлдер» тобының ұйымдастырылған іс – әрекеттің
перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Әмірәлиева Г.
Рысбаева Ұ.

Түсінік хат

2024–2025 оқу жылында «Келешек» санаторлық – бөбекжай – бақшасы КММ – нің «Қызғалдақ » ересек тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына 2 - қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

1. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - аптасына төрт рет.
2. Сөйлеуді дамыту – аптасына үш рет.
3. Сауат ашу – аптасына бір рет.
4. Дыбыстап айту – аптасына бір рет.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Келешек» санаторлық бөбекжай – бақшасы КММ

Топ: Мектепалды «Гүлдер» тобы

4 жастағы балалар

Құрылу кезеңі: I жарты жылдық

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже
Коммуникативтік дағдылар	Бұл топтағы "Коммуникация" білім беру саласының базалық мазмұны тіл дамыту, сауат ашу және жазу негіздері, дыбыс айту қабілеті арнайы түзеу оқу қызметтерінде жүзеге асырылады. Мақсаты: ауызша байланыстырып сөйлеуді және балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту, фонемтикалық есту мен толыққанды айту дағдыларын дамыту, оқудағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Міндеттері: 1) ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру; 2) қоршаған орта адамдарымен еркін қарым-қатынас	жалпылама мағынасы бар сөздерді қолданады; дербес сөйлеу тілінде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады; қатыстық сын есімдерді жасай алады; сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары; жай және кейбір күрделі

	дағдыларын қалыптастыру; 3) түрлі іс-әрекетте ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтік және монологтік); 4) дұрыс дыбыс айтуды қалыптастыру; 5) фонетикалық-фонематикалық түсініктерді қалыптастыру; 6) қолдарды жазуға даярлау; 7) түрлі тұрмыстық жағдайларда қарым-қатынас және жүріс-тұрыс мәдениетін тәрбиелеу; 8) коммуникативті, ойын және түрлі іс-әрекет барысында шығармашылық белсенділікті, дербестікті, ұйымдастырушылық әрекетті дамыту. 1) 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту; 2) сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді дамыту; 3) сөйлеу ағымында сұрау дауыс ырғағын ажырата алуды, сөйлеу кезінде сұрау сөздерін қолдана алуды үйрету. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: 1) 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту; 2) сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді дамыту; 3) сөйлеу ағымында сұрау дауыс ырғағын ажырата алуды, сөйлеу кезінде сұрау сөздерін қолдана алуды үйрету. Жазу мен сауат ашу негіздері: сөйлеудің бірлігі ретінде дыбыс туралы түсініктерді қалыптастыру, сөйлем құрылымын түсінуді қалыптастыру, ырғақ сезімін тәрбиелеу, сөздерді буынға	көмекші сөздерді қолданады; бірыңғай мүшелері бар сөйлемді құрастырып жаза алады; көрнекі материалдарға сүйене отыра сюжетті сурет бойынша хабарлы әңгімелерді, заттар және құбылыстар жайлы сипаттама және салыстырмалы әңгімелерді құрастырады және қайта айтып бере алады; сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөле алады; кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алады.
--	---	--

	бөлумен таныстыру, фонметикалық талдаудың қарапайым формаларын дамыту, фонематикалық түсініктерді қалыптастыру, дыбыстарды интонациялық ерекшелеу.	
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеуді дамыту: импрессивті және экспрессивті сөйлеуді ары қарай дамыту, дамыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтік және монологтік), коммуникативтік дағдларды дамыту. Импрессивті және экспрессивті сөйлеуді әрі қарай дамыту: 1) қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту; 2) антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету; 3) лексикалық тақырыптар бойынша белсендікті сөздікті кеңейту, молайту және жалпылау; 4) балаларды барлық сөз таптарын қолдануға ынталандыру; 5) арнайы сөздер - терминдерді қолдануды және түсіне алуды үйрету, мысалы: "қайта айту", "сөйлем"; 6) белгілі бір затқа сипаттамалар мен әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай алу икеміне үйрету. 61. Диалогтік және монологтік байланыстырып сөйлеуді дамыту: 1) сипаттама әңгімелеуді, заттарды салыстыру әңгімелеуін сюжетті сурет бойынша әңгімелеуді құрастыру және қайта айтуды, оқылған мәтінді қайта айтуға оқыту; 2) әңгімені үлгі бойынша, жоспар бойынша, орындалған	жалпылама мағынасы бар сөздерді қолданады; дербес сөйлеу тілінде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады; қатыстық сын есімдерді жасай алады; сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары; жай және кейбір күрделі көмекші сөздерді қолданады; бірыңғай мүшелері бар сөйлемді құрастырып жаза алады; көрнекі материалдарға сүйене отыра сюжетті сурет бойынша хабарлы әңгімелерді, заттар және құбылыстар жайлы сипаттама және салыстырмалы

	сурет құрастыруға үйрету; 3) сызбаға сүйене отыра байланыстырылған, бірізді монологтік сөз айтуды құруға оқыту; 4) кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алуды дамыту; 5) ересек адамның көмегімен әңгіменің жалғасын және соңынын ойдан құрастыра алуға үйрету, қарапайым жайылма сөйлемдерді құрастыруға жаттығу; 6) тәуелдік жалғаулы есімдіктерді қолдануды үйретуді дамыту; 7) түрлі материалдар, өсімдіктер, азық-түлікке сәйкестендіру мағынасымен қатыстық сын есімдерді жасай алу икеміне оқыту; 8) "үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту; 9) сөйлемді бірыңғай мүшелермен жазуды қалыптастыру, сөйлемде жекеше және көпше түрдегі, септіктегі сөздерді келістіре алуды бекіту; 10) етістіктерді қосымшалармен құрастыру білігіне үйрету; 11) дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажырата алуға үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтары; 12) көпше түрдегі зат есімнің ілік септігінде дұрыс қолданылуын бекіту.	әңгімелерді құрастырады және қайта айтып бере алады; сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөле алады; кейіпкердің эмоционалдық күйін көрсете отыра, рөл бойынша оқылған шығарманың сюжетін ойнап бере алады.
Сауат ашу негіздері	Мақсаты жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар балаларды тілдің фонетикалық және графикалық жүйелерін игеру процесі кезінде оқу және жазу дағдыларына дайындау болып табылады.	есту зейінін қосады, әрекетті сигналдың әр түрлі дыбысталуына сәйкес орындайды;

	Міндеттері: 1) фонематикалық есту және фонематикалық қабылдауды әрі қарай жетілдіру; 2) баспа әріптерін графикалық сызу дағдыларын қалыптастыру; 3) балаларды сөздерді, сөйлемдерді және қысқа мәтіндерді буындап бірге оқуға үйрету; 4) балаларда қарапайым дұрыс жазудың білімдерін қалыптастыру: сөйлемдегі сөздердің жеке жазылуы, сөйлем соңындағы нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі, сөйлемнің басында бас әріпті қолдану; 5) дисграфия және дислексияның пайда болуының алдын алу; 6) мектепке оқуға уәждемесін қалыптастыру; 7) қолды жазуға дайындау. Сауат ашу негіздері сабағының мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған, күтілетін нәтижелер түрінде оқытудың мақсатын өзінде кірістіретін бөлімшелерден құралады. Әр бөлімшенің ішінде бірізді ұйымдастырылған оқытудың мақсаты, педагогтарға өзін жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері жайлы ақпараттандыруға мүмкіндік береді. Жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балаларда жазу және сауат ашу негіздеріне оқыту процесінде келесі шарттарды ескерген жөн: 1) оқыту дұрыс айтылатын дыбыстар мен сөздерде ғана жүргізіледі; сөйлеу патологиясы жоқ балаларды сауат ашуға оқыту әдістемелерімен салыстырғанда әріптер мен дыбыстарды	3-4 сигналдың ішінен тұрмыстық шуды таниды және ажыратады; сөйлеу тілінің ақырын және қатты дыбысталуын ажыратады; сөйлеу тілінің дыбысталу қарқынын (баяу-жылдам) ажыратады; жеке фонемаларды ажыратады; дыбысталу бойынша жақын буындарды жіктейді; дыбысталуы бойынша ұқсас дыбысқа еліктеуді, сөздерді ажыратады; берілген дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелейді; артикуляциялық аппараттың негізгі мүшелерін біледі; ерінге арналған жаттығуды орындайды; тілге арналған жаттығуды орындайды; логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық жаттығулар
--	--	--

	оқудың өзгеше реті ұсынылады; 2) барлық дыбыстарды өту қарқыны біршама баяу; 3) сөздің дыбысты-буындық құрамында тез бағдарлана алу дағдысы дамиды; барлық ауызша сөйлеу материалы балаларға таныс; 4) морфологиялық жалпылауларды қалыптастыру бойынша терең жұмыс жүргізіледі; 5) сөйлеу материалын жүйелі қайталау және бекіту жүреді; 6) дыбыстар мен әріптерді оқумен қатар грамматика және дұрыс жазудың қарапайым ережелері беріледі; 7) бір дыбыс және әріп оқытылады; 8) жаңа әріппен танысу оның элементтерін талдау жолымен жүзеге асырылады; 9) кеспелі әліппемен талдау-жинақтау жұмыстары кеңінен жүргізіледі: дауысты және дауыссыз әріптермен танысады; дыбыстық анализ және синтез жолы бойынша сөздер, буындар кеспелі әліппе әріптерінен құрастырылады; дыбыстарды қосу, орнын ауыстыру, өзгерту жолымен сөздерді түрлендіреді; қарапайым сөз орамдарының. Сауат ашу негіздері сабағының мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған, күтілетін нәтижелер түрінде оқытудың мақсатын өзінде кірістіретін бөлімшелерден құралады. Әр бөлімшенің ішінде бірізді ұйымдастырылған оқытудың мақсаты, педагогтарға өзін жұмысын жоспарлауға және балалардың жетістіктерін бағалауға, сонымен қатар оқытудың келесі кезеңдері жайлы ақпараттандыруға мүмкіндік береді. Жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар мектеп жасына дейінгі балаларда жазу және сауат ашу негіздеріне оқыту процесінде	кешенін орындайды; мақсатты бағытталған ауыз арқылы ұзақ дем шығаруды орындайды; ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі; дауысты дыбыстарды дұрыс айтады; ерте онтогенездің дауыссыз дыбыстарын дұрыс айтады; шақырылған дауыссыз дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемде дұрыс пайдаланады; үннің қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып ерекшеленетін дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратады; үннің қатысына қарай қатаң, ұяң, үнді болып ерекшеленетін сақталған дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажыратады; бір, екі және үш буынды сөздердегі ырғақтық суретті шығарады;
--	---	--

	келесі шарттарды ескерген жөн: 1) оқыту дұрыс айтылатын дыбыстар мен сөздерде ғана жүргізіледі; сөйлеу патологиясы жоқ балаларды сауат ашуға оқыту әдістемелерімен салыстырғанда әріптер мен дыбыстарды оқудың өзгеше реті ұсынылады; 2) барлық дыбыстарды өту қарқыны біршама баяу; 3) сөздің дыбысты-буындық құрамында тез бағдарлана алу дағдысы дамиды; барлық ауызша сөйлеу материалы балаларға таныс; 4) морфологиялық жалпылауларды қалыптастыру бойынша терең жұмыс жүргізіледі; 5) сөйлеу материалын жүйелі қайталау және бекіту жүреді; 6) дыбыстар мен әріптерді оқумен қатар грамматика және дұрыс жазудың қарапайым ережелері беріледі; 7) бір дыбыс және әріп оқытылады; 8) жаңа әріппен танысу оның элементтерін талдау жолымен жүзеге асырылады; 9) кеспелі әліппемен талдау-жинақтау жұмыстары кеңінен жүргізіледі: дауысты және дауыссыз әріптермен танысады; дыбыстық анализ және синтез жолы бойынша сөздер, буындар кеспелі әліппе әріптерінен құрастырылады; дыбыстарды қосу, орнын ауыстыру, өзгерту жолымен сөздерді түрлендіреді; қарапайым сөз орамдарының мағынасын түсініп оқуды меңгереді. . Әріптерді құрастыру, баспа түрін жазу және оқу келесі бірізділікпен жүргізіледі: 1) дауысты дыбыстарды белгілейтін екі әріптен құралған тіркес;	сөз құрамындағы дауысты дыбысты (басында, ортасында, соңында) ерекшелейді; сөз құрамындағы дауыссыз дыбысты (басында, ортасында, соңында) ерекшелейді; дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы түсінігі бар.
--	---	---

	2) тұйық буындағы дауыстының дауыссызбен тіркесуі; 3) ашық буындағы дауыссыздың дауыстымен тіркесі; 4) дауыссыз-дауысты-дауыссыз түрі бойынша бір буынды сөз; 5) ашық буындардан құралған екі және үш буынды сөздер; 6) ашық және бітеу буыннан құралған екі және үш буынды сөздер; 7) дауыссыз дыбыстары қатар келген екі буынды сөздер; 8) дауыссыз дыбыстары қатар келген үш буынды сөздер; 9) ашық буыннан құралған, көмекші сөзбен және көмекші сөзсіз екі-үш сөзден құралған сөйлем.	
Дыбыстап айту	Дыбыстың сөйлеу бірлігі ретінде түсінігін қалыптастыру: 1) тілдік емес дыбыстарға назарын аудару, балаларда дыбысқа ерекше назарын аударуды қалыптастыру, дыбыстың шығып жатқан орнын анықтай алу икемділігіне үйрету; 2) дыбысталуы бойынша бір-біріне жақын және қарама-қарсы тілдік емес дыбыстарды салыстыра алуға үйрету. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінің дамыту; 3) музыкалық аспаптарды қолдану арқылы "ұзын" және "қысқа", "қатты" және "ақырын дыбыстау" түсініктерін қалыптастыру, өйлеуге есту зейінін тәрбиелеу, есту зейініне, сөздің дыбыстық қатпарына есту зейінін дамыту, сөйлеу дыбыстарын тануға үйрету; 4) дыбыстың нақты есту бейнесін қалыптастыру;	"дыбыс", "сөз", "сөйлем" терминдері жайлы алғашқы түсініктері бар; сөздерді буындарға бөле алады; қазақ тілінің екі негізгі тобының - дауысты және дауыссыз, айрықша, танымды сипаттары жайлы алғашқы түсініктері бар; ересек адамның көмегімен сөздегі дыбыстың ретін орната алады; белгілі дыбыстық құрылымдағы сөздердің және екі дыбысты сөз тіркестерінің

	5) бір сөзді қатты және ақырын айтуға болатыны жайлы түсінігін қалыптастыру, сөздер бірдей және әр түрлі айтылуы туралы түсініктерін қалыптастыру; 6) дыбысталуы бойынша бірдей және әр түрлі "дос" сөздерді таңдай алуға балаларды үйрету, балаларды дыбыстың мағына ажыратушылық қызметімен таныстыру: сөздер бір-бірінен бір-ақ дыбыспен айырмашылықта болатынын түсіндіру Дыбыс айту: сөйлеу тіліндегі негативизмді жою, еркін есту арқыла қабылдау мен зейінді қалыптастыру, фонематикалы қабылдауды дамыту, жалпы және қол моторикасының даму процесінде қозғалыстың кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру, артикуляциялық қозғалыстардың кинестетикалық негіздерін қалыптастыру, сөйлеу кезінде тыныс алуына үйрету, дауыс күшін дамыту, дыбыс айтуды қалыптастыру, сөздің буындық құрылымын қалыптастыру, фонематикалық анализ бен синтезге үйрету. Жалпы және қол қимыл-қозғалысын дамыту процесінде қозғалыстың кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру: 1) қалып праксисін дамыту (еліктеу бойынша); 2) арнайы жаттығуларда қол қимылын дамыту: қысу, жазу, сілкілеу, қимыл амплитудасын арттыра отырып, біртіндеп қол басын бұлғау. Жалпы және қол қимыл-қозғалысын дамыту процесінде қозғалыстың кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру:	дыбыстық талдауын жүргізе алады; сөздің және дыбыстың ақырын және қатты, жоғары және төмен дыбысталу ерекшеліктерін талдай алады; сөздердің және сөйлемдердің модельдерін (сызбаларын) қолданады және түсінеді; дыбыстарды көрсету үшін бейтарап және қызыл түсті текшелер арнайы белгілерді қолданады және түсінеді.
--	--	---

	1) қалып праксисін дамыту (еліктеу бойынша); 2) арнайы жаттығуларда қол қимылын дамыту: қысу, жазу, сілкілеу, қимыл амплитудасын арттыра отырып, біртіндеп қол басын бұлғау. Артикуляция мүшелерін дамыту: 1) аркуляциялық аппараттың негізгі мүшелері туралы түсініктерді бекіту; 2) артикуляциялық аппаратты еліктеу бойынша орындалатын артикуляциялық ойын жаттығуларын орындау процесінде дыбысты дұрыс айтуды қалыптастыруға дайындау; 3) еліктеу бойынша мимикалық бұлшық ет қимылын дамыту. Артикуляциялық қимылдың кинестетикалық негізін қалыптастыру: 1) ерін қалпы туралы түсінікті нақтылау, дауысты дыбыстардың артикуляциясындағы ерін қалпын анықтау, дыбыстарының артикуляциясындағы ерін қалпының өзгеруін анықтау; 2) дыбыс туралы көру-есту түсініктерін тірек ете отырып, көтерілген және төмен түскен тіл ұшының қалпы туралы кинестетикалық түсінікті нақтылау, [а] дыбысын айтқан кездегі тіл ұшының қалпын анықтау, [д] дыбысын айтқан кездегі тіл ұшының қалпын анықтау, [ад] буынын айтқан кездегі тіл ұшының қалпының өзгеруін анықтау; 3) артикуляциялық қозғалыстардың кинетикалық негіздерін қалыптастыру: қозғалыстың қажетті көлеміне бағытталған артикуляциялық моториканы дамыту бойынша статикалық жаттығуларды үйрету: ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар, тілге арналған артикуляциялық жаттығулар;	
--	--	--

	4) артикуляциялық аппарат мүшелерінің қозғалмалылығын дамыту; 5) логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық қалыптарды орындау Сөйлеу тынысын алуға үйрету: 1) физиологиялық дұрыс тыныс алуды қалыптастыру: еліктеу бойынша көкеттік кеуде-қабырғалық дұрыс тыныс алуға үйрету (бақылау үшін баланың алақанын пайдалану); 2) ауыздық тыныс шығаруды дамыту. Мақсатты бағыттылған ауыздық тыныс алудың ұзақтығын дамыту, ауыздық және мұрындық жіктелген тыныс алуды шығару; 3) бағытталған ауа ағынын қалыптастыру. 82. Дауыс күшін дамыту: 1) ақырын және қатты дауысты пайдалана білуді дамыту; 2) дауыс күшін өзгертуге үйрету, бір тыныс алғанда дауыскүшін ақырыннан қаттыға дейін өзгерту икемділігін бекіту. Дыбыс айтуды қалыптастыру: 1) дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын нақтылау. 2) дауысты дыбыстар қатарын жеке, буында, сөзде, сөйлемде дауыс пен интонацияның әр түрлі күшімен қатты және ақырын айту икемділігін бекіту; әр түрлі фонетикалық жағдайларда ауыстырып, шатастырып алуы мүмкін дауысты дыбыстардың дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу; 3) ерте онтогенездегі дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуды нақтылау: м, м', н, н', п, п', т, т', к, к', ф, ф', д, д', в, в', б, б', г, г', әр түрлі фонетикалық жағдайларда дауыссыз	
--	--	--

	дыбыстардың дұрыс айтылуын автоматтандыру және жіктеу; 4) жоқ немесе бұрмаланып айтылатын х, х', л', й, ы, с, с', з, з', л дауыссыз дыбыстардың дұрыс артикуляциясын қалыптастыру, қойылған дыбыстардың дауыстылармен жеке, ашық буында, тұйық буында, бітеу буында, сөзде, сөйлемде тоғысуын автоматтандыру; 5) түрлі фонетикалық жағдайларда дауыссыз дыбыстарды ажырату Сөздің буындық құрылымын қалыптастыру: 1) қарапайым меңгерілген сөздердің қарқынын қабылдауға және шығаруға (бір мезгілде айту және шапалақтау) үйрету; 2) буындардың үйлесуін әр түрлі екпінде, интонацияда, дауыс күшінде айту; 3) сөздерді бір мезгілде айта және шапалақтай отырып, таза айтуға берілген буындарды дыбыстауға үйрету; 4) екі ашық буыннан құралатын сөздердегі ырғақтық суретті дұрыс бере отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру; 5) үш ашық буыннан құралатын сөздердегі ырғақтық суретті дұрыс бере отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру; 6) бір буынды сөздердегі ырғақтық сурет пен екпінді буынды дұрыс айта отырып, сөздің буындық құрамын қалыптастыру. Фонематикалық талдау мен жинақтауға үйрету: 1) сөз құрамынан басындағы екпіні дауысты дыбыстарды ажырату; 2) сөздің соңында естілетін дауысты дыбысты ажырату; 3) сөздің ортасына естілетін дауысты дыбысты ажрату; 4) екі дауысты дыбыстан тұратын дыбыс қатарын талдау.	
--	---	--

	Күтілетін нәтижелер: 1) дыбыстың шығу көзін анықтайды; 2) дыбысталуы бойынша қарама-қайшы және жақын сөйлеу тілдік емес дыбыстарды салыстырады; 3) есту зейінін қосады, әрекетті сигналдың әр түрлі дыбысталуына сәйкес орындайды; 4) 2 сигналдың ішінен тұрмыстық шуды таниды және ажыратады; 5) музыкалық аспаптардың ақырын және қатты дыбысталуын жіктейді; 6) музыкалық аспаптардың дыбысталу қарқынын (жылдам-баяу) жіктейді; 7) жеке дыбыстарды ажыратады; 8) дыбысталуы бойынша жақын буындарды жіктейді; 9) дыбысталуы бойынша ұқсас дыбысқа еліктеуді, сөздерді ажыратады; 10) дауысты дыбысты басқа дауысты дыбыстардың ішінен ерекшелейді; 11) артикуляциялық аппараттың негізгі мүшелерін біледі; 12) ерінге арналған жаттығуды орындайды; 13) тілге арналған жаттығуды орындайды; 14) логопедтің үлгісі бойынша артикуляциялық жаттығу кешенін орындайды; 15) мақсатты бағытталған ауыз арқылы ұзақ дем шығаруды орындайды; 16) ақырын және қатты дауысты пайдалана біледі; 17) дауысты дыбыстарды дұрыс айтады; 18) ерте онтогенездің дауыссыз дыбыстарын дұрыс айтады;	
--	--	--

	19) бір, екі, үш буынды сөздерде ырғақтық суретті шығарады.	
--	---	--

Бекітемін
«Келешек» санаторлық
бөбекжай – бақшасы КММ
меңгерушісі
_____ Г.Ешмуханова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 – 2025 оқу жылына
арналған «Жауқазын» кіші тобының ұйымдастырылған іс – әрекеттің
перспективалық жоспары**

Тәрбиешілер: Кешубаева Қ.
Карсибекова С.